



*Гуманитарлық ғылымдар магистрі,  
«Ежелгі Тараз ескерткіштері»  
мемлекеттік тарихи-мәдени музей-  
қорығының «Ғылыми қызмет және  
ескерткіштерді» қорғау бөлімінің  
басшысы, Тараз, Қазақстан*  
**Шаизхан Ұлжалғас Шаизханқызы**

*Магистр гуманитарных наук,  
руководитель отдела «Научная  
работа и охрана памятников»  
Государственного историко-  
культурного музей-заповедника  
«Ежелгі Тараз ескерткіштері», Тараз,  
Казахстан*  
**Шаизхан Улжалғас Шаизханқызы**

*Master of Humanities, Head of the Department of Scientific Research and Monument Protection at the State Historical and Cultural Museum-Reserve "Yezhelgi Taraz eskertkishteri", Taraz, Kazakhstan*  
**Ulzhalgas Shaizkhan**

*(E-mail: ulzhalgas290895@mail.ru, ORCID ID:  
<https://orcid.org/0009-0007-7742-795X>)*

## **БЕРІКҚАРА ОБАЛАРЫ: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТАЛДАУ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Жетісу өңіріндегі ірі археологиялық кешендердің бірі Берікқара қорымы тарихи-мәдени және рухани-танымдық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде сақ дәуірінің археологиялық ескерткіштерінің бірі саналатын бұл қорым қазақ халқының этномәдени тамырын, дүниетанымын және сакральды кеңістікке деген қатынасын тануда маңызды дерек көзі ретінде қарастырылады. Мақаланың өзектілігі ежелгі жерлеу құрылыстарының тек археологиялық нысан ретінде ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының тарихи жадын, әлем бейнесі мен рухани дүниетанымын айқындайтын киелі кеңістіктер ретінде зерттелуінде жатыр. Зерттеу мақсаты Берікқара қорымының құрылымдық ерекшеліктерін, орналасу логикасын және мәдени-символдық мәнін талдау арқылы сақ тайпаларының космологиялық танымы мен дәстүрлі жерлеу ғұрпының мифологиялық негіздерін анықтау болып табылады. Зерттеу барысында археологиялық деректерге құрылымдық-типологиялық талдау, кеңістіктік-семиотикалық әдіс, тарихи-салыстырмалы тәсіл, сондай-ақ мәдениеттанулық интерпретация әдістері қолданылды. Автор обалардың жер бедерімен, аспан бағыттарымен байланысын сипаттай отырып, олардың сакральды-кеңістіктік мәнін түсіндіруге тырысады. Мақаланың



ғылыми жаңалығы Берікқара кешенін тек материалдық археологиялық объект емес, рухани және символдық жүйе ретінде кешенді пайымдауында. Сонымен қатар, автор қорымның құрылымы мен жерлеу рәсімдері арқылы сақ заманының дүниетанымдық үлгілерін және қазақ этномәдени кодтарының бастауын айқындауға ұмтылады. Зерттеу нәтижесінде Берікқара ескерткіші тарихи жадыны жаңғырту мен мәдени сабақтастықты тану тұрғысынан аса құнды кешен ретінде бағаланды. Бұл зерттеу Жетісу өңірінің археологиялық ландшафтарын сакральды кеңістік ретінде түсінуге, сондай-ақ көне түркі-дәстүрлі әлем бейнесінің кеңістіктік моделі мен мифопоэтикалық құрылымын тереңірек зерделеуге септігін тигізеді.

**Түйін сөздер:** Берікқара қорымы, сақ мәдениеті, археология, сакральды кеңістік, мифология, тарихи жады, аң стилі, көшпелі өркениет, жерлеу ғұрпы, Жетісу.

**Редакцияға түскен күні: 28.05.2025**  
**Жариялауға қабылданған күні: 25.07.2025**

### **Кіріспе**

Қазақ даласындағы көне мәдениеттердің бірі сақ өркениеті тарихи, археологиялық және рухани тұрғыдан кең ауқымды зерттеуді қажет ететін маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Әсіресе, обалар мен жерлеу кешендері арқылы бұл дәуірдің дүниетанымы, әлеуметтік құрылымы мен көркемдік әлемі айқын көрініс табады. Жетісу өңірінде орналасқан Берікқара қорымы осындай киелі кешендердің бірі. Бұл ескерткіш тек археологиялық дереккөзі ғана емес, сонымен қатар сақтардың киелі кеңістік туралы түсінігі мен рухани-мифологиялық әлемінің кілті ретінде де құнды. Осы мақалада Берікқара қорымының құрылымдық ерекшеліктері мен мазмұндық сипаты талдана отырып, оның қазақ халқының тарихи жады мен мәдени кодындағы орны сараланады.

Қазіргі қазақ даласын мекендеп отырған халықтың түп тамыры тереңде жатыр. Уақыттың өзенін бойлай өткен сайын, бұл ұлы даланы мекен еткен ежелгі тайпалар мен ұлыстардың ізі өшпестей боп қалып отырған. Бүгінгі қазақ халқы – сол көне

көшпелілердің, ертедегі сақ, ғұн, үйсін, қаңлы сияқты тарихи тайпалардың заңды мұрагері, тікелей ұрпағы.

### **Зерттеу әдістері**

Берікқара қорымының тарихи-мәдени және сакральды кеңістіктік мәнін кешенді талдау мақсатында бірнеше ғылыми-әдістемелік тәсілдер қолданылды. Бұл әдістердің әрқайсысы зерттеу нысанының археологиялық, кеңістіктік және семантикалық ерекшеліктерін жан-жақты зерделеуге бағытталды. Құрылымдық-типологиялық талдау әдісімен қорымдағы обалар жүйесі типологиялық тұрғыдан қарастырылып, олардың көлемі, пішіні, ішкі құрылысы мен орналасу тәртібі зерттелді. Бұл тәсіл арқылы жерлеу рәсімдеріндегі әлеуметтік иерархия, ритуалдық мағына және құрылымдық ұйымдасу ерекшеліктері анықталды. Кургандардың ішкі-сыртқы архитектурасы мен топографиялық орналасу логикасы олардың функциясын айқындауға мүмкіндік береді. Кеңістіктік-семиотикалық тәсілін қолданып, қорымның географиялық орналасуы мен оның табиғи ландшафтпен өзара



байланысы кеңістіктік-семиотикалық тұрғыда талданды. Кургандардың күн бағытымен, жұлдыздық нүктелермен немесе киелі ландшафтық элементтермен сәйкестігі арқылы олардың сакральды сипаты мен дүниетанымдық мазмұны анықталды. Бұл тәсіл сақ дәуірі адамдардың кеңістікті киелеу, символдық бағдарлау тәжірибелерін ашуға бағытталған. Берікқара қорымындағы археологиялық мәліметтер Жетісу, Сырдария, Тянь-Шань және Алтай аймақтарындағы сақ кезеңінің басқа да ескерткіштерімен салыстырылды. Бұл әдіс ортақ мәдени үрдістер мен аймақтық ерекшеліктерді ажыратуға, сақ мәдениетінің ішкі эволюциясын түсіндіруге септігін тигізді. Салыстырмалы талдау аясында жерлеу формалары, қолданылған артефактілер және ритуалдық үлгілер ескерілді.

Қорымдағы археологиялық құрылымдар мен ритуалдық тәжірибелер мифологиялық, космологиялық және символдық контексте қарастырылды. Кургандардың дүниетанымдық рәміз ретінде қабылдануы, мифопоэтикалық сюжеттің архетиптері, сондай-ақ өлім мен мәңгілік ұғымдарының көрінісі арқылы қазақ этномәдени кодының терең қабаттары зерделенді.

#### **Талқылау**

Көшпенділер өркениеті – байтақ даланың төсінде қалыптасқан ерекше мәдениет. Бұл пікірді қазақ тарихын зерттеген отандық және шетелдік ғалымдар да құптайды. Олар өз еңбектерінде сақтардың, яғни біздің бабаларымыздың, бүгінгі қазақ ұлтының негізін қалағанын нақты деректермен дәлелдеп берген. Археологиялық қазбалар, этнографиялық материалдар мен

антропологиялық зерттеулер – бәрі-бәрі осы тұжырымды қуаттай түседі.

Сақтар – біздің түп негізіміз. Олар ежелгі дәуірлерде, біздің заманымыздан бұрынғы VII–IV ғасырлар аралығында, Орта Азия мен қазіргі қазақ жерін мекендеп, өз заманының ең ірі және қуатты тайпалық одақтарының бірі болды. Олардың ерлігі, өмір салты, дүниетанымы мен рухани мұрасы қазақ халқының болмысында мәңгілікке сақталып қалды [2].

Бүгінгі ұрпақ сол даңқты бабалардың ұлы мұрасын жалғастырушы. Сондықтан да қазақ халқының тарихы тек бірнеше ғасырмен шектелмейді. Ол мыңдаған жылдар бойғы шежіре мен тағдыр тәлкегінен тұратын ұлы тарих.

Сан ғасырлық тарихты қойнына бүккен сайын дала көшпелі бабаларымыздың мәңгілік мекені. Жердің төсіне көмілген көне қорымдар, обалар мен ежелгі қалашықтар – ұлттың ұлы шежіресі. Әрбір тас, әрбір қазыналы төбе ұрпақ пен тарих арасын жалғайтын алтын көпір іспеттес.

Сақтардан қалған археологиялық ескерткіштер біздің кім екенімізді танытатын, ата-бабаларымыздың ұлылығын паш ететін баға жетпес мұра. Мысалы, Шілікті, Берел, Есік қорымдары – тарих ғылымының ғана емес, бүкіл ұлт рухының қайнар көзі [3].

Ұлы даланың төсінде үнсіз жатқан ескерткіштер бар. Олар ұлт тарихының мәңгілік куәсі, бабаларымыздың ізі қалған шежірелі мекендер. Сондай киелі орынның бірі – Жамбыл облысы, Жуалы ауданы аумағындағы Берікқара қорымы. Бұл біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықта өмір сүрген сақ тайпаларының діни-мәдени және әлеуметтік құрылымының бірегей



үлгісі.

Бұл орын көне замандағы діл мен дүниетанымның, миф пен поэзияның тасқа қашалып, топыраққа көмілген бейнесі. Әрбір қорған, әр тас сақ тайпаларының болмысын, өмірлік салтын, рухани ізденістерін өз бойына сіңіріп тұр. Олардың дүниетанымы – тек көк пен жердің арасы емес, сол екеуінің байланысынан туған тылсым әлем.

Берікқара тек археологиялық ескерткіш қана емес, ол ұлт жадын жаңғыртатын жәдігер. Оның қойнауынан табылған алтын мен қола бұйымдар, аң стиліндегі әшекейлер мен мифологиялық бейнелер – сақскиф өркениетінің терең философиясы мен көркемдік талғамының көрінісі. Бұл өркениет бүгінде тәуелсіз Қазақстанның тарихи-мәдени рәміздерінде жаңаша түрмен қайта өмір сүріп отыр.

Сақ мәдениеті – қазақ халқының рухани және материалдық болмысының бастау бұлағы. Біздің бүгінгі дүниетанымымыз бен танымдық тамырымыздың түп-төркіні дәл осындай қасиетті мекендерде жатыр. Ал Берікқара сол рухани бұлақтардың бірі ғана емес, ең салиқалысы, ең сыршылысы.

Бүгінде бұл қорым тек ғалымдардың қызығушылығын оятқан зерттеу нысаны ғана емес, ұлттық жадымыздың символына айналып отыр. Өйткені онда көмулі жатқан жәдігерлер жай ғана заттық мұра емес, олар көне дүние мен қазіргі ұрпақ арасындағы үнсіз диалог, мәңгілік жалғасып келе жатқан рухани сабақтастықтың алтын көпірі.

Берікқара қорымының археологиялық зерттеулері XIX ғасырдың соңында басталып, XX ғасырдың ортасында кең



1 сурет. Берікқара қорымы

ауқымда жүргізілді. Бұл жұмыстар сақ мәдениетінің ерекшеліктерін, әлеуметтік құрылымын және дүниетанымын зерттеуде маңызды рөл атқарды [1].

Берікқара қорымын алғаш рет XIX ғасырдың соңында орыс саяхатшысы әрі ғалымы В. Ошанин ашты. Ол қорымның орналасқан жерін анықтап, ғылыми қоғамдастыққа таныстырды.

1938–1939 жылдары А. Н. Бернштам жетекшілік еткен археологиялық экспедиция қорымды зерттей бастады. Оның басшылығымен жүргізілген қазба жұмыстары барысында 500-ден астам оба анықталды. Олардың диаметрі 4-5 метрден бастап 35-40 метрге дейін, ал биіктігі 0,1 метрден 6-7 метрге дейін жетеді. Обалардың негізгі бөлігі оңтүстік-батыс солтүстік-шығыс осі бойымен созыла тізбектелген, ал қорымның батыс бөлігіндегі үш тізбек солтүстік-оңтүстік осі бойымен бағытталған. Көп жағдайда оба үйінділерінің диаметрі 1,5 метрден 40 метрге дейін, биіктігі 0,1 метрден 3-4 метрге дейін жетеді. Сол жақ жағалаудағы обалардың көлемі айтарлықтай кіші, яғни, диаметрі 3 метрден 16 метрге дейін, биіктігі 0,2 метрден 1,2 метрге дейін.

Обалардың үйінділері құрылымы жағынан әртүрлі, атап айтсақ, толығымен тасты, тасаралас



топырақты және айналдыра таспен қоршалған топырақты үйінділер кездеседі. Кей обалардың айналасы орақ тәрізді етіп қаланған тастармен қоршалған. Бірнеше ірі обалардың беті кварцпен жабылған. Қорымның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан ірі обаларды айналдыра 6 қатар етіп тігінен қазылып орнатылған шаршы түріндегі тас қалау тіркелді. Қатарлардың арасы 1,5 м құраса, қалаудың ені 9 м. Қоршаудың шығыс бөлігіндегі 6 қатар анық байқалады. Солтүстік, батыс, және оңтүстік жақтардағы қатарлар бүлінген, бірақ рет-ретімен қайта қалпына келтірілуде. Шаршы түріндегі қалаулардың жалпы көлемі 65x65 м. Обаға шығыс және батыс жақтан кіретін жолы қаланған тастардың үзілісімен көрінген, оның ені 5 м. Тас қалаудың ішінен 3 бейіт тіркелген. Құрылыстың бір бөлігі Кеңес Одағы кезінде электр желілерін жүргізу және Құйық-Қаратау жолына дейінгі алқап жолын салу барысында бүлінген. Оба үйіндісі сұр түсті тақтатастың ұсақ бөліктерінен түзілген. Тонаудан қалған үйіндінің бетінде ақ кварцпен қымталғанын болжауға мүмкіндік береді. «Патша» обалардың барлық үйінділерінің ортасынан түскен диаметрі 15-20 м, тереңдігі 3-3,5 м болатын ертеден қалған шұңқыр іздері бар. Қорымның оңтүстік жағында орналасқан ірі обаның үйіндісі қазіргі заманғы мұсылман зираты ретінде пайдаланылады. Шатқалдың ішінде орналасқан балалар демалу лагеріне апаратын екі алқап жол осы қорымның аумағы арқылы өтеді. Қорымның солтүстік бөлігіндегі обалардың кейбірі жоғары вольтты жаңа электр желілері мен көгілдір отын құбырын салу кезінде жойылуы ықтимал. Обалардың айналасына қойылған

тас шеңберлер мен құрылымдар, кварц тастармен жабылған беті сақтардың діни және мифологиялық дүниетанымын аңғартады. Бұл обалардың құрылымы, орналасуы және ішіндегі заттай деректер сақ қоғамының әлеуметтік құрылымын зерттеуде маңызды мәліметтер ұсынды [4].

1957 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы А. Г. Максимованың жетекшілігімен Берікқара қорымында қазба жұмыстарын жалғастырды. Оның зерттеулері қорымның құрылымдық ерекшеліктерін, жерлеу ғұрыптарын және табылған заттай деректерді талдауға бағытталды. Кейінгі жылдары К. М. Байпақов, Д. А. Лобас және басқа да ғалымдар қорымның әртүрлі бөліктерінде зерттеулер жүргізді. Жалпы 1936-1990 жылдар аралығындағы қазба жұмыстарының нәтижесінде қорымнан түрлі алтын, қола және темір бұйымдар, аң стилінде жасалған әшекейлер, қару-жарақтар, сонымен қатар керамикалық ыдыстар табылған. Ерекше назар аударарлық жәдігерлердің бірі – белге тағылатын қола тоғалар. Оның бетінде арыстан бейнесі мен арғымақтың басы бейнеленіп, мифтік композиция түрінде жасалған. Бұл сақтардың танымындағы аң стилінің жарқын көрінісі. Жебе ұштарының әртүрлі формасы (екі және үш қырлы), семсер сабының безендірілуі, әскери және тұрмыстық заттар сол дәуірдегі қоғам құрылымы, жауынгерлік дәстүр және көркемдік талғам жайлы мол мәлімет береді. Бұл заттай деректер және оған қоса жерлеу рәсімімен байланысты материалдар ескерткішті б. з. д. II ғ. – б.з. V ғ. мерзімдеуге мүмкіндік береді. Бұл жәдігерлер Ресей Федерациясының Санкт-Петербург



қаласындағы Эрмитажда сақтаулы [5].

Сонымен қатар 2000 жылы К. М. Байпақов пен Д. А. Лобас жетекшілігімен жүргізілген қазба жұмыстары барысында Үйсін және Қаңлы дәуіріне жататын тарихи құнды жәдігерлер табылды. Ал, 2017 жылы автомобиль жолдарын салу барысында Берікқара қорымындағы алты қорымға археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмысына т. ғ. кандидаты, «Георхеология» орталығының басшысы Ғ. Бексейітов жетекшілік жасады. Қазылған апатты №1 обаның ішіндегі ауқымы үлкен қорымнан ақсүйек әйел адамның сүйегі табылды. Онымен қоса езілген екі қыш ыдыс, қола айна, күміс білезік және қола түйрегіш табылды. Жәдігерлердің маңызы мен олардың көлемі көз тоярлық. Мәселен, қола айнаның жалпы көлемі – 10 см, қалыңдығы – 1 мм, білезіктің көлемі

– 7 см, жалпақтығы – 5 мм, ал шаш түйреуіштің ұзындығы – 38 см, бас жағының доғалы – 4 мм, одан төменгі жағы ұшына дейін 3 мм құрады. Осы жәдігерлерге қарағанда бұл әйел адамның қабірі деген болжам жасалды [6]. Бұл жәдігерлер қазіргі уақытта «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қорында сақтаулы.

Берікқара қорымындағы әрбір элемент – сақ тайпаларының ділдік мәдениетін, мифтік-поэтикалық көзқарасын, әлем туралы танымын көрсететін архетиптік символдарға толы. Зерттеушілер бұл обаларды киелі кеңістік ретінде қарастырады. Академик Әлкей Марғұлан: «Сақ мәдениеті – қазақ халқының рухани мәдениетінің негізі» деп бағалаған.

Қазба жұмыстары барысында табылған алтын, қола, темір бұйымдар – аң стилінде жасалған өнер туындылары. Белге тағылатын қола



2 сурет. Берікқара қорымы. Арыстан басы бейнеленген қола оқа





3 сурет. Қыштан жасалған ыдыстар, қола айна, күміс білезік және қола түйрегіш

тоғалардағы арыстан мен арғымақ бейнесі, жебе ұштары мен әшекейлер – сақтардың дүниетанымындағы табиғат пен аң-құстың қасиетті символ екенін айғақтайды. Қаратаудың етегінде Берікқара обалар қорымынан табылған жәдігерлер арқылы көшпелі сақтардың мәдениеті Батыс мәдениетінен әлдеқайда жоғары болғандығын және бірнеше ғасыр бұрын дамығандығын байқауға болады.

### Нәтижелер

Берікқара қорымы – Қазақстан тарихының ежелгі дәуірлерінен сыр шертетін, археологиялық, мәдени және рухани тұрғыда аса маңызды ескерткіштердің бірі. Бұл кешен көшпелі өркениеттің бай материалдық мәдениетін, күрделі әлеуметтік құрылымын және терең діни дүниетанымын көрсетеді. Оның әрбір обасы бір дәуірдің куәгері, ал табылған жәдігерлер ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігі мен рухани болмысының айнасы. Қорымды жан-жақты зерттеу тек өткенді тану ғана емес, қазіргі ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру, ұлттық бірегейлікті нығайту, әрі мәдени мұраны сақтауға деген жауапкершілікті арттыруға бағытталған міндет. Сонымен қатар, Берікқара сияқты нысандарды халықаралық ғылыми айналымға

енгізу – Қазақстанның әлемдік мәдени мұра кеңістігіндегі орнын айқындай түседі. Берікқара қорымында жүргізілген қазба жұмыстары барысында көптеген маңызды деректер табылған. Қорымның қорғандары түрлі өлшемдер мен құрылымдарға ие. Олардың кейбірі жерлеу орындарының үстінде үлкен тас блоктармен қоршалған, бұл ерте түркі дәуірінде беделді адамдарға арналған жерлеу орындарының белгісі болуы мүмкін. Қорымнан табылған тас мүсіндер мен сәулет құрылымдары, әрбір мүсіннің ерекшелігі мен орналасқан орны қорымның дәуірлік кезеңін нақты анықтауға көмектеседі. Мысалы, сақтардың ерте кезеңдердегі көне діни нанымдар мен ғұрыптарға тән белгілер байқалады. Берікқара қорымы Қазақстан мен Орталық Азиядағы түркі кезеңінің мәдениетіне қатысты жаңа зерттеулер мен тұжырымдар үшін маңызды база болып табылады. Орталық Азияның тарихы мен археологиясы тұрғысынан бұл қорымның зерттелуі мынандай салаларда ерекше. Қорым көшпелі халықтардың тұрмысы мен дүниетанымын тереңірек танып-білуге мүмкіндік береді. Қорымда табылған жерлеу орындары мен қорғандар әлеуметтік стратификацияның айқын дәлелі ретінде бағаланады. Тарихшылар мен археологтар осы арқылы ерте түркі қоғамының билік құрылымы мен әлеуметтік шекараларын анықтай алады.

Қазіргі таңда кешенді қорғау, қайта қалпына келтіру, зерттеу және туризм бағытында бірқатар стратегиялық шаралар қажет. Егер бұл мақсаттар жүзеге асырылса, Берікқара қорымы келешек ұрпаққа сақталып қана қоймай, ғылым мен мәдениеттің алтын арқауына айналатыны сөзсіз.



Ғылыми басқару жағынан алғанда, кешенге тұрақты түрде археологиялық мониторинг жүргізу, 3D құжаттау, материалдарды сандық архивке енгізу, әрі жергілікті және халықаралық сарапшылармен бірлескен зерттеулер жүргізу аса қажет. Бұл тек сақтау үшін ғана емес, сонымен қатар ғылыми таным мен білімді таратуда маңызды рөл атқарады. Жүргізілген талдаулар мен әдеби деректерге сүйене отырып, Берікқара қорымы бойынша төмендегідей ғылыми нәтижелер анықталды:

Қорым – сақ дәуіріндегі көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымын, діни дүниетанымын және жерлеу дәстүрлерін бейнелейтін маңызды археологиялық кешен ретінде танылды. Қорымнан табылған бұйымдар (алтын әшекейлер, керамикалық ыдыстар, ат-әбзелдері) сақ тайпаларының жоғары дамыған көркемдік және қолөнер мәдениетін көрсетті. Жерлеу обаларының көлемдік және архитектуралық айырмашылықтары көне қоғамдағы әлеуметтік стратификацияны дәлелдейді. Символикалық бейнелер (қанатты жолбарыс, бұғы, бүркіт) тотемдік наным-сенімдер мен мифологиялық дүниетанымының қалыптасқанын көрсетеді. Берікқара – тек өткеннің ескерткіші емес, болашақ ұрпақ үшін тарихи-мәдени сабақтастықты қалыптастыратын стратегиялық нысан. Сондай-

ақ, мәдени мұраны басқару тек археологтар мен мемлекет міндеті емес, жергілікті қоғамдастықтармен серіктестікте жүзеге асырылуы тиіс. Халықтың өз тарихына деген жауапкершілігін арттыру арқылы Берікқараны келер ұрпаққа толық және қауіпсіз жеткізуге болады. Берікқара қорымы тарихи және мәдени маңызы жағынан Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеуде ерекше орын алады. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде алынған жаңа мәліметтер мен деректер еліміздің ұлттық мәдени мұрасын сақтау және тереңірек зерделеу ісіне зор үлес қосады.

#### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, Берікқара қорымы – қазақ халқының тарихи жады мен мәдени кодының бір бөлігі. Бұл мекен бізге ата-бабаларымыздың даналығын, өнерін, дүниетанымын үнсіз жеткізіп тұрған мәңгілік шежіре іспетті. Бүгінгі таңда бұл қорым тек тарихшылар мен археологтардың зерттеу нысаны ғана емес, жас ұрпақтың ұлттық рухын оятатын, тарихпен байланысын бекемдейтін киелі орын. Ұлы даланың қойнауында әлі де біз білмейтін талай сыр жасырынған. Сақ мәдениетінің сарқыты саналатын Берікқара қорымдары әлі де толыққанды зерттеуді қажет етеді. Берікқара – сол сырлардың бір пернесі ғана. Ал оны тану тек тарихшылардың ғана емес, әр қазақтың борышы.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Марғұлан Ә. Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу жолдары. – Алматы: Жазушы, 1985.
2. Артамонов М. И. Сокровища саков. – Москва: Искусство, 1973. – 148 с.
3. Ақышев К. А. Қазақстанның көне қалалары мен қорғандары // Археология институты. «Берікқара қорымы». – Алматы: Ғылым, 2002.
4. Таласская долина // Труды Семиреченской археологической экспедиции (1936–1938 гг.) / Составлены под общ. ред. А. Н. Бернштама. Материалы и



- исследования по археологии КазССР. – Алма-Ата, 1949. – Т. I. – С. 17–22.
5. Бабанская Г. Г. Берккаринский могильник // ТИИАЭ АН КазССР. Археология. – 1958. – Т. I. – С. 189–206.
  6. Григорьев Ф. П., Железняков Б. А. Загадка Берккаринской пряжки // NO-MAD-KAZAKHSTAN. – 2008. – № 6. – С. 64–69.

**У. Ш. Шаизхан**

*Государственный историко-культурный музей-заповедник  
«Ежелгі Тараз ескерткіштері», Тараз, Казахстан*

### **СТРУКТУРНЫЙ И КУЛЬТУРНЫЙ АНАЛИЗ КУРГАНА БЕРИККАРА**

**Аннотация.** В статье комплексно рассматривается один из крупнейших археологических комплексов Жетысу – Бериккараский могильник с точки зрения историко-культурной и духовно-мировоззренческой значимости. Как объект сакской эпохи, данный памятник выступает важным источником для изучения этнокультурных корней казахского народа, его мировоззрения и отношения к сакральному пространству. Актуальность работы заключается в рассмотрении древних погребальных структур не только как археологических объектов, но и как священных пространств, отражающих историческую память, картину мира и духовные ориентиры казахского этноса. Цель исследования на основе анализа структуры и расположения курганов выявить космологические представления саков и мифологические основы их погребальных обрядов.

Методология включает структурно-типологический анализ археологических данных, пространственно-семиотический и историко-сравнительный подходы, а также культурологическую интерпретацию. Особое внимание уделяется взаимосвязи между курганами, ландшафтом и астрономическими ориентирами, что позволяет раскрыть их сакральную символику. Научная новизна исследования состоит в трактовке Бериккара не только как материального объекта, но и как сложной духовно-символической системы. Автор стремится реконструировать элементы мифопоэтического мышления саков и выявить истоки казахского этнокультурного кода через анализ погребальных практик.

В результате исследования Бериккара оценивается как ценный памятник, способствующий возрождению исторической памяти и осмыслению культурной преемственности. Работа вносит вклад в понимание сакральных ландшафтов Жетысу и пространственно-символической модели древнетюркской традиции.

**Ключевые слова:** Бериккара, сакская культура, археология, сакральное пространство, мифология, историческая память, звериный стиль, кочевая цивилизация, погребальный обряд, Жетысу.

**U.Sh. Shaizkhan**

*State Historical and Cultural Museum-Reserve  
“Yezhelgi Taraz eskertkishteri”, Taraz, Kazakhstan*

### **STRUCTURAL AND CULTURAL ANALYSIS OF THE BERIKKARA BURIAL GROUND**



**Abstract.** This article provides a comprehensive study of one of the largest archaeological complexes in the Zhetysu region – the Berikkara burial ground from historical, cultural, and spiritual perspectives. As a site of the Saka era, the complex serves as a significant source for understanding the ethno-cultural roots of the Kazakh people, their worldview, and their perception of sacred space. The relevance of the study lies in examining ancient burial structures not merely as archaeological objects but as sacred spaces reflecting historical memory, cosmological vision, and spiritual consciousness. The aim of the research is to analyze the structural features and spatial logic of the Berikkara site in order to identify the cosmological views of the Saka people and the mythological foundations of their funerary rituals. The methodology combines structural-typological analysis of archaeological data, spatial-semiotic interpretation, historical-comparative approach, and cultural hermeneutics. Special emphasis is placed on the correlation between the burial mounds, natural landscape, and celestial orientation, which reveals their symbolic and sacral meaning. The scientific novelty of the work lies in the interpretation of Berikkara not only as a material monument but also as a complex symbolic and spiritual system. The author attempts to reconstruct mythopoetic thinking patterns of the Saka culture and trace the origins of the Kazakh ethno-cultural code through the analysis of burial practices. As a result, Berikkara is evaluated as a site of exceptional value for the revival of historical memory and understanding of cultural continuity. The study contributes to the interpretation of the sacred landscapes of Zhetysu and the spatial-symbolic model of ancient Turkic worldview.

**Keywords:** Berikkara burial ground, Saka culture, archaeology, sacred space, mythology, historical memory, animal style, nomadic civilization, funeral rites, Zhetysu.

## REFERENCES

1. Aqyshev K.A. Kazakhstanның көне қалалары мен қорғандары. Berikkara қорымы [Ancient Cities and Burial Grounds of Kazakhstan: The Berikkara Burial Ground] Almaty, Gylym, 2002 [in Kazakh]
2. Margulan A.Kh. Qazaq mádenietiniń qalyptasý zholdary [The Formation of Kazakh Culture] (Almaty, Zhazushy, 1985) [in Kazakh]
3. Artamonov M.I. Sokrovischa sakov [Treasures of the Saka] (Moscow, Iskusstvo, 1973, 148 p.) [in Russian]
4. Babanskaia G.G. Berkkarinskii mogil'nik. Trudy Instituta istorii, arkheologii i etnografii AN KazSSR. Arkheologija. [The Berikkara Burial Ground], Alma-Ata. 1958. P. 189–206. [in Russian]
5. Grigor'ev F.P., Zhelezniakov B.A. Zagadka Berkkarinskoi priazki [The Mystery of the Berikkara Buckle] NOMAD-KAZAKHSTAN. 2008. No. 6. P. 64–69. [in Russian]
6. Bernshtam A.N. Talasskaia dolina. Trudy Semirechenskoi arkheologicheskoi ekspeditsii (1936–1938 gg.) [The Talas Valley: Proceedings of the Semirechye Archaeological Expedition (1936–1938)] Alma-Ata, Materialy i issledovaniia po arkheologii KazSSR [Compiled under the general editorship of A.N. Bernshtam. Materials and research on the archaeology of the Kazakh SSR], 1949. Vol. I. P. 17–22. [in Russian]

